

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: 11.09.2024ж.

Қатысқандар:

- | | |
|------------------|--|
| 1. Қ.Қалиев | мектеп директоры комиссия төрағасы |
| 2. Г.Байділдаева | ДТДЖО, комиссия төрағасының орынбасары |
| 3. М.Әлиев | ата-аналар комитетінің төрағасы (келісім бойынша) |
| 4. А.Молжігітова | қамқоршылық кеңес төрайымы (келісім бойынша) |
| 5. О.Балабеков | мектеп медбикесі (келісім бойынша) |
| 6. Ұ.Әділбекова | әлеуметтік педагог |
| 7. А.Ешенқұлова | сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі |

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Тыңдалды:

1. **Әлеуметтік педагог – Ұ.Әділбекова** жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.

Жаңа оқу жылында мектебімізде 142 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын, Алматы облысы білім басқармасының Іле ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 29 тамыз №132 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектепшілік асхананы тексеру комиссиясы жұмыс жүргізді. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі:

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 69-ды құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 49 болса, 5-9-11 сынып оқушыларының саны 20 құрайды.

2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы қол жуу орны сұйық сабын, қайнатылған ауыз су талапқа сай. Оқушылардың асханада ыстық тамаққа баруы 4 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

I ауысым

1- сынып оқушылар үшін – 09.15 – 09.30

2- 3«Ә» сынып оқушылары үшін – 09.35 – 09.50

4-6-7Ә-8-9А-9Ә -10 сынып оқушылары үшін – 11.25-11.40

II ауысым

3«Ә» - 5«Ә», сынып оқушылары үшін – 14.05 – 14.20


Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Шешімі:

1. Ата-аналардан келіп түскен өтініш негізінде жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.

2. 2024-2025 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылысын.

Комиссияның мүшелері:

- 
1. Қ.Қалиев мектеп директоры комиссия төрағасы
 2. Г.Байділдаева ДТДЖО, комиссия төрағасының орынбасары
 3. М.Әлиев ата-аналар комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
 4. А.Молжігітова қамқоршылық кеңес төрайымы (келісім бойынша)
 5. О.Балабеков мектеп медбикесі (келісім бойынша)
 6. Ұ.Әділбекова әлеуметтік педагог
 7. А.Ешенкұлова сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі